



## Құрметті Серік Мәуленұлы!

Абай Мырзахметов атындағы Кокшетау университетінің ректоры және профессорлық-оқытушылары құралы сізді және сіз басқарып отырған ұжымды 80 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттықтайды.

Сексен жылдық тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұрғыдан көрініп жүр. 80 жыл мерзімі ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Өте танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден өтті. Университеттің өмір сүру кезеңдері мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштасып келді. Түлектеріңіз тек қана Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызметі атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен айта отыру керек.

Сіздердің жоғары оқу орындарыңыздың іргетасы қаланғаннан бері білім-ағарту жүйесіндегі орны ерекше қана шаңырақ. Республика деңгейінде бірнеше мәрте саналы білім ордасы екендігін дәлелдеген, заман талабына сай оқу орындарының беделі мен атағы бар сіздің оқу ордасына 80 жыл толып отыр.

Бүгінгі қуанышты да салтанатты күні сіздердің жеке бастарыңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс, саналы да білімді студенттері мен береке-бірлік тілейміз.

Ізгі ниетпен ректор



М.С. Елюбаев